

**«Ақмола облысы Шортанды ауданы ЖК «Азденбаев Ж.Т» «Амина»
бөбекжайының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша
қорытындының құрлымы мен мазмұны.**

- 1.Білім беру мекемесінің толық атауы:** «Ақмола облысы Шортанды ауданы ЖК «Азденбаев Ж.Т» «Амина» бөбекжайы.
- 2.Білім беру мекемесінің мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, шортанды ауданы Абылайхан21А.
- 3.Занды тұлғаның байланыс деректері:**
Телефон нөмері:87022901943
Электрондық почтасы: azdenbaeva@mail.ru
Балбақша сайты: amina-sad.aqmoedu.kz
Инстаграм парақшасы: amina_bobekjai
- 4.Занды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Құрылтайшысы: Азденбаев Жумагул Төлеуович .
- 5. Занды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама:** БСН 650410350258
- 6.Құқықтық құжаттар:** Тіркелген занды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама, ЖК «Азденбаев Ж.Т» «Амина» бөбекжайының жарғысы.
- 7.Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:**
- 8.Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні:**09.06.2020
- 9.Рұқсат беруші құжаттар:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2020 жылғы 9 маусымында қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ90UWQ01916745 хабарлама берілді.
- 10.Бөбекжай аптасына 5 күн жұмыс істейді, жұмыс уақыты сағат 07:30 дан 18:30 ға дейін. Барлығы 3 топ жинақталған. 3 топ мемлекеттік тілде. Бірінші топ- кіші жас тобы 2-3 жастағы балалар, екінші топ ересек топ (аралас) 3-4 жастағы балалар, үшінші топ – МАД тобы, 5 жастағы балалар.**

Өзін өзі бағалаудың мақсаты:

1. Бөбекжайдағы тәрбие – білім беру процесінің жай-күйі туралы объективті баға мен ақпарат алу.
2. Бөбекжайдағы тәрбие білім беру процесінің нақты жай күйінің белгіленген жоспарлар мен міндеттерге сәйкестік дәрежесін белгілеу.
3. Білім беру жұмысының сапасына теріс әсер ететін факторларды анықтау,оны жақсартудың әрі қарайғы стратегиясын анықтау.

Өзін-өзі бағалау міндеттері:

- Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;
- Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге кол жеткізу;
- Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын қалыптастыру;

ЖК «Азденбаев Ж.Т» «Амина» бөбекжайы мектепке дейінгі білім беру ұйымы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мтепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиелік білім беру қызметін жүзеге асырады.

1. ЖК «Азденбаев Ж.Т» «Амина» бөбекжайы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тәркелген) бекітілген Білім беру салаларына және ұйымдастырылған оқу қызметіне МЖМБС және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі-БЖТ) сәйкес жұмыс істейді.

ЖК «Азденбаев Ж.Т» «Амина» бөбекжайы оқу жоспарлары келесі құжаттар негізінде жасалған:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бқйрықпен енгізілген өзгерістерімен.
- Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарамасы.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы:

Материалды – техникалық базасы:

Ғимарат- 1 қабатты,бейімделген

Жалпы ауданы:288 м³

Жылу беру жүйесінің түрі - қазандық (пеш) көмірмен

Сумен жабдықтау- орталықтандырылған.

Канализация - жеке

Біздің бөбекжайда – мектеп жасына дейінгі балалардың күнделікті өзгеретін өмірге тез бейімделуі мен толық дамуы үшін барлық қолайлы жағдай жасау міндеті қолға алынған.

«Амина» бөбекжайында мемлекеттік тілден беретін 3 топ бар. Әр топта жататын, ойнайтын, қабылдау орыны, әр топтың өзінің балаларға арналған 2 унитаз, 2 қол жуғыштары, қызметкерлерге арналған бөлек гигиена бөлмесі орналасқан. Балабақшада әдістемелік кабинет, асхана және 3 топ бөлмелері орналасқан. Балабақша бойынша барлығы 8 бейне бақылаумен қамтылған. Іште 5 бейнебақылау, сыртта 3 бейнебақылау бар.

Жиһаздың, оқу,ойын және басқа жабдықтардың орналасуы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа толық сәйкес келеді және қауіпсіздік техникасы, санитарлық-гигиеналық нормалар, балалар физиологиясы, функционалдық жайлылық қағидаттарына сәйкес келеді, бұл балаларға өздерін топта еркін сезінуге мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны құрайтын заттарды белсенді пайдалану (ойыншықтар, макеттер, лево, рөлдік ойындарға арналған атрибуттар, эксперименттік бұрыштар, табиғат бұрышы және т.б) балалардың бастамшылдық деңгейін арттыруға, әр түрлі іс-шараларға жағдай жасауға, үй жайларға тікелей, үй көрінісін беруге мүмкіндік береді. Әр топта келесі заттық дамытушы орталар бар, атап айтқанда:

1. Кітап бұрышы
2. Математика – логика бұрышы
3. Құрастыру
4. Табиғат және ғылым бұрышы
5. Ұлттық құндылықтар бұрышы
6. Рольдік – сюжеттік ойындар алаңы
7. Шығармашылық алаңы
8. Оңашалау бұрышы .

Балаларға өздері қалаған ортада ойын арқылы дамуына барлық жағдайлар жасалған.

Ұйымда балалармен ұйымдастырылған іс-әрекет жүргізу, қызметкерлер мен педагог мамандардың жұмысы үшін заманауи ақпараттық – техникалық база құрылған.

- Интерактивті тақта (МАД тобы мен ересек топта) қосылған.
- Ноутбуктар әдістемелік кабинетте
- Электрондық пошта арқылы ұйымдармен байланыс және ақпарат алмасу.

Материалдық – техникалық базаны жетілдіру міндеттерін шешу педагогтерге олардың білім беру жұмысында жақсы жағдай жасау, балаларды дамыту, ата-аналарды білім процесіне тарту үшін қажетті негіз болып табылады.

Бөбекжайдағы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаз жиынтығы жеткілікті мөлшерде қамтылған.

Балалардың толыққанды физикалық дамуы үшін бейімделген спорт залы, спорттық снарядтар (футбол, үрлемелі доптар, секіртпелер, шеңбер, массаж жолдары және т. б.) бар. Балабақша аумағында әр топ үшін жеке күркелер мен ойын алаңдары бар, сол арқылы негізгі қозғалыстардың дамуы үшін жағдай жасалған. Бұл ұйымдастырылған оқу қызметі, серуендер кезінде денсаулық сақтау технологияларын қолданумен расталады.

Балалардың жеке және интеллектуалды дамуы үшін сюжеттік суреттері бар текшелер, математика текшелері, қуыршақ театры, түрлі пазлдар, мамандықтар бойынша лото, текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, әртүрлі үстел ойындарының жиынтығы бар. Әр топта ойын материалдары аймақ бойынша (дүкен, аурухана, шаштараз, ас үй, дәріхана) орналасқан.

Балалардың эмоционалды дамуы үшін музыкалық аспаптар жиынтығы және түрлі музыкалық және шулы ойыншықтар бар. Балабақшада музыкалық зал және дене шынықтыру залы біріктірілген. Онда музыкалық орталық, спорттық құрал-жабдықтар бар. Спортзалы «Скалодром», «Швед стенкасы», спорттық маты, татами кілемшелері, Пиклер ұшбұрышы гантельдер, гимнастикалық таяшалар, доптар, секірімелер және балансиерлермен жабдықталған.

Балалардың танымдық дамуын қамтамасыз ету үшін балабақшада «Интерактивті құм жәшігі», «Сенсорика», «STEM», «Құрғақ бассейн», «Қыш құмыра жасау станоктары» бар, робототехника негіздері еңгізіліп, сабақ өткізілуде:

1. Робомышь
2. Лего Education

3. Магниттік конструкторлар

4. Мега көлемдегі құрастыру жиынтықтары қолданылады.

Инновациялық технологиялар балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылықпен еңбектенуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар біздің педагогтар ұйымдастырылған оқу қызметтерінде дамыта оқыту, Eсers технологияларының элементтерін кеңінен қолданады.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін балабақшаның ресурстары мен жағдайларын талдау және бағалау болашақ дамудың келесі басым бағыттарын анықтады:

- Баланың эмоционалдық әл-ауқатының жағдайын оңтайландыру мақсатында СанПиннің талаптарын орындау;

- баланың толыққанды әлеуметтік даму ортасын құру;

- балалардың денсаулығын жақсарту және нығайту үшін тиімді жағдайлар жасау;

- барлық жас топтары үшін ойын жабдықтарын толықтыру, бұл балалармен педагогикалық жұмыстың әртүрлі формаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ЖК «Аздснбасв Ж.Т» «Амина» бөбскжайы бес күндік жұмыс аптасы бойынша жұмыс істейді, демалыс күндері: сенбі, жексенбі және мереке күндері. Ұйымның бұл жұмыс режимі ата-аналардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес негізгі компоненттің орындалуын қамтамасыз етеді. Денсаулық сақтау, коммуникативті-тілдік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларында жеке тұлғаны дамыту идеясын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Іргелес аумақтың учаскелері жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бекітілген, ҰОҚ және ауада дене шынықтыру ойын-сауықтарын өткізуге арналған жеке дене шынықтыру алаңы бар. Балалардың қозғалыс белсенділігін дамыту және учаскелерде спорттық ойындар өткізу үшін жеткілікті мөлшерде шығарылатын жабдықтар бар. Учаскелерде қоршаған ортаны ұйымдастыру балаларға экологиялық тәрбие мен білім беруді қамтамасыз етеді.

Осылайша, балабақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру бойынша топтарда бес білім беру саласын негізге ала отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының 3-тармағының талаптарына сәйкес дамытушы орта ұйымдастырылған.

Балабақшада 9 педагог жұмыс істейді. Олардың ішінде:
Жоғары білімді – 56 % (5 педагог),

арнайы орта – 44% (4педагог),

оның ішінде орта арнайы мектепке дейінгі – 44% (4 педагог).

Санаттар бойынша:

жоғары біліктілік санаты бар 0 педагог – 0%,

I біліктілік санаты бар педагог – 0%,

II біліктілік санаты бар педагог – 0%,

Педагог-модератор 5 педагог – 56%,

Педагог-эксперт 3 педагог – 33%,

Санатсыз 1 педагог – 11%.

2026-2027 жылғы санаттар бойынша көрсеткіштер:

Педагог-модератор 5 педагог оның ішінде 4 тәрбиеші, 1 музыка жетекшісі 1 , әдіскер 1. – 56 %,

Педагог-эксперт 3 педагог оның ішінде меңгеруші-1, педагог - психолог 1, тәрбиеші-1 – 33%,

Санатсыз 1 педагог дене шынықтыру жетекшісі – 11%.

Жалпы санатты педагогтар: 89%

Жалпы санатсыз педагог: 1-11%- жас маман еңбек өтілі 9-ай

Жоғары білімді педагогтар 2026-2027 жылғы

9 педагог ішінде 5 жоғары білімді 56% құрайды.

Арнайы орта: 4 педагог 44 % құрайды

(оның ішінде әдіскер мен 1 тәрбиеші 1 адам)

Жалпы арнайы біліммен 100 % құрайды.

Жыл бойы педагогтер Өрлеу біліктілікті арттыру курсы, "Bilimge orleu" үздіксіз қосымша білім беру орталығының курстарын, "AGZHAN" ғылыми-білім беру орталығының біліктілікті арттыру курстары, НИШ педагогикалық шеберлік орталығының курсы өтті, бұл педагогтардың жалпы санының 100% құрайды.

2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарына және ағымдағы оқу жылына баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің, яғни мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері ұсынылды.

2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылында мектепалды даярлық топтар бойынша білім сапасы бастапқы мониторингта 83 %, аралық мониторингта 90%, қорытынды мониторингте 100% құрады. Бастапқы мониторингпен салыстырғанда білім сапасы 20 % жоғарылаған.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін әзірлеу және жүргізу кезінде баланың жеке даму жоспарлары (карталары) жасалған.

2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарына арналған бекітілген перспективалық жоспарлар бар. Перспективалық жоспарда өтпелі тақырып көрсетілген. Перспективалық жоспар әрбір білім беру саласы бойынша сәйкес. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары көрсетілген. Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған оқу қызметтері балабақша басшысымен бекітілген ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесімен сәйкес.

Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етіледі.

Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзіреттілік танытады.

Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдыларымен өз бетінше үйресту дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмма құрылған. Циклограммада санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптарымен қатар мақсаттары көрсетілген. Циклограммада әрбір ұйымдастырылған оқу қызметіне ойын жоспарланған.

Циклограммада ұйымдастырылған оқу қызметтерін жоспарлау барысында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып ойын ретінде яғни креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни тұрғыдан ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жұмыстарына, яғни 4К моделі бойынша бағытталған жұмыстары ұйымдастырылған оқу қызметінде көрсетілген.

Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі.

Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарланған. Баланың жеке даму картасымен жұмыс жоспарланған. Перспективалық жоспармен циклограммадағы тақырыптар өзара үйлесімді

және білім беру салалары өзара кіріктілген. Балабақшада "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттермен кіріктірілген.


Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалады.

Топтардың жұмыстық оқу жоспарларындағы оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес орындалуда.

№	Бағыттар мен бағалау өлшемшарттарының атауы	Баға
1	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы	zhaksy
2	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру	zhaksy
3	Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері	zhaksy
4	Көркемдік, шығармашылық конкурстарға қатысу нәтижелері	zhaksy
5	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ҰОҚ мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзірет көлемін игеру	zhaksy
	Қорытынды баға	zhaksy

Өзін-өзі аттестатау бойынша қорытынды «zhaksy» деген баға

Меңгеруші



Мельченко В.А.